

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EZKT7264>

***А. Амирова¹, А. Бейсенбай²,
Г. Сағидолда³, А. Жумаханова⁴**

^{1,2,3}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана;

⁴Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе

өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2092-5135>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7785-650X>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4811-9743>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1414-1889>

*e-mail: aika210683@mail.ru

«МЕМЛЕКЕТ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІ СИПАТЫ (ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ БОЙЫНША)

Мақалада қазақ мақал-мәтелдеріндегі «мемлекет» ұғымының лингвокогнитивті сипаты қарастырылады. Зерттеу қазақ тіліндегі «мемлекет» концептісін құрайтын ассоциациялық жүйені және танымдық қабатты анықтауға бағытталған. Фразеологиялық қордың маңызды бөлігі ретінде мақал-мәтелдер мәдени құндылықтар мен нормаларды жеткізе отырып, халықтың ұжымдық тәжірибесі мен ділдік ерекшелігін көрсетеді. Қазақ мақал-мәтелдерін талдау мемлекеттің әртүрлі аспектілері – билік, сот төрелігі, әлеуметтік институттар, мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылдың тілде қалай көрініс табатынын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу сонымен қатар мәдени және тарихи факторлардың қазақ қоғамындағы мемлекет туралы түсініктердің қалыптасуына әсерін көрсетеді. Сондай-ақ зерттеу мақаламызда мемлекеттілікті айқындайтын белгілер арқылы қазақ танымындағы «мемлекет» концептісінің толық бейнесі анықталады. Мемлекет болудың басты белгілеріне негізделген қазақ тілінде кездесетін паремиялар негізінде «мемлекет» концептісінің лексика-семантикалық аясы айқындалып, тілдік бірліктер сипаты талданады.

Мақаланы жазу барысында концептілік талдау, компоненттік талдау, лексика-семантикалық талдау, өрістік талдау, ассоциациялық талдау секілді лингвистикалық әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі «мемлекет» ұғымын түсіндіретін когнитивтік тетіктерді тереңдей тануға ықпал етеді. Жұмысымызда келтірілген тұжырымдар тілтанушы, этнограф, мәдениеттанушы т.б. әлеуметтік ғылымдар мамандары үшін көмекші құрал бола алады.

Кілтті сөздер: «мемлекет» концептісі, концептілік кеңістік, когнитивті лингвистика, паремиология, мақал-мәтел

Кіріспе

«Мемлекет» концептісі – қоғамдық сана мен әлеуметтік ортаның өзара әрекеттесу құрылымын анықтайтын ірі санаттардың бірі. Ол саяси құрылым, егемендік, заң және құқық, басқару, әлеуметтік қорғау, экономика сияқты көптеген аспектілерді қамтиды. Әр мемлекеттің тілі мен мәдениетінде көзге түсетін ерекше сипаттамалары болады. Бұл тұрғыда қазақ мақал-мәтелдері «мемлекет» ұғымының лингвокогнитивті сипатын айқындауға мүмкіндік беретін негізгі қорды құрайды. Мақал-мәтелдер қоршаған әлемді қабылдауды қалыптастыратын маңызды мәдени құндылықтарды, нормалар мен түсініктерді сақтайды. Мақал-мәтелдер ата-бабалар даналығын жеткізу құралы ғана емес, «мемлекет» секілді абстрактілі ұғымдарды когнитивті модельдеу құралы ретінде қызмет етеді. «Мемлекет» концептісіне байланысты қазақ мақал-мәтелдерін зерделеу осы тұжырымдаманы түсіну үшін қолданылатын негізгі ассоциациялық жүйелерді және метафораларды анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ мақал-мәтелдерінің лингвокогнитивтік ерекшеліктерін талдау қазақ қоғамындағы мемлекет туралы түсініктердің қалыптасуына қандай мәдени және тарихи факторлар әсер ететінін түсінуге көмектеседі.

Адамзат өзінің дамуы барысында бірнеше қоғамдық құрылысты бастан өткерді. Алғашында адамдар туыстық байланыстарға негізделген шағын топтарда өмір сүрді. Ортақ мүдделер мен өмір сүру қажеттілігіне байланысты еңбек бөліністері бойынша өмір сүрді. Отырықшы өмір салтына көшу және егіншіліктің пайда болуымен әлеуметтік құрылымдар күрделене түсті. Халықтың өсуі және сауданың дамуы алғашқы қала-мемлекеттер мен патшалықтардың пайда болуына әкелді. Алғашқы қауымдық құрылыстан кейін адамзат азаматтық қоғам, құқықтық қоғам, әлеуметтік қоғам құруға ұмтылыстар жасады. Алғашқы мемлекеттік құрылымдардың пайда болуын ғалымдар біздің заманымызға дейінгі 4–5 мың жылдыққа жатқызады [1, 20–6.]. Демек «мемлекет» ұғымы адам санасындағы ескі және өзектілігі жойылмайтын ұғымдардың бірі болып саналады. Бұл

ұғымның кез келген халықтың тарихи-мәдени жүйесінде өзіндік әлеуметтік, философиялық, саяси түсініктері мен формалары қалыптасқан. Ғылымда мемлекеттің пайда болуының бірнеше теориясы бар: *теологиялық, патриархалды, келісім-шарттық, күштеу* [1, 29-б.]. Бұл теориялардың барлығы да «мемлекет» ұғымының болмысын ашуға мүмкіндік береді. Әділетті қоғам, азаматтық-құқықтық қоғам құру мәселелері Платон, Аристотель, Әл Фараби т.б. сынды ежелгі ойшылдардың зерттеулерінде де кездеседі. Мұндай зерттеулер мен философиялық ойлардың барлығы адамзат өмір сүретін қоғамды реттеуге, қоғамдық құрылысты, басқаруды жүйелеуге бағытталған. Билік жүйесі, салық жүйесі, қоғамдық өмір құрылымы ойшылдар мен ғалымдарды толғандырып, «мемлекет» ұғымның адам санасында жеке бір санатқа, концептіге айналуына ықпал етті.

Концептілік дәрежедегі сөз не ұғым белгілі бір әлеуметтік топ үшін, халық үшін, сол тілді тұтынушы ұлт үшін маңызы бар білімдер мен тәжірибелер жиынынан тұрады. Белгілі лингвист В. Маслова концептіні қандай да бір этномәдениет өкілдерін сипаттайтын, лингвомәдени ерекшеліктерімен айшықталатын семантикалық жасалым ретінде түсіндіреді [2, 8-б.]. Ал Л. Попова концептіні жеке адам мен ұлттың этникалық тәжірибелерінің жиынтығы ретінде қарастыруды ұсынады [3, 310-б.]. Ж. Исаева концептінің ерекшелігі ретінде оның ұрпақтан-ұрпаққа берілуін, құндылық ретінде сақталуын айтады [4, 99-б.]. Мұндай құндылықтардың келесі ұрпаққа табиғи жол арқылы, концепт негізінде жетіп отыратынын Е. Кубрякова да растайды [5, 36–37-бб.]. Демек концепт өз бойына сан ғасырлық халықтық тәжірибені, құндылықтар өлшемін, менталды ақпараттарды, өмір, қоршаған орта туралы таптаурын ойларды, ұлттық бағалауды жинақтай отырып, келесі ұрпаққа беріліп отырады. Бір концептінің бойында бірнеше ғасырлық ой-пікірлер, таңдаулар, тәжірибелер жинақталады. Халық үшін маңызды ұғымдар мен түсініктер ғана, халықтық тәжірибеде елеулі орын алған сөздер ғана концепт деңгейіне жетеді. Сонда концепт сананың тілдегі көрінісін анықтайды [6, 114-б.]. Біз қарастырып отырған «мемлекет» ұғымы да түрлі трансформациялық дамулардан өткен концепт болып саналады. Айта кетерлігі, бұл концепт тек қазақ тіліне ғана тән емес, барлық халықта өзіндік ерекшелігі бар әмбебап, адамзатқа ортақ концептіге жатады. «Мемлекет» ұғымының концептіге айналуы бірден бола қойған құбылыс емес, сан ғасырлық пікірлер мен тәжірибелердің нәтижесінде концепт деңгейіне көтеріліп, өзіндік ерекшелігі бар концептілік аяны түзеді.

Материалдар мен әдістері

Мақалада «мемлекет» концептісінің лингвокогнитивті сипатын айқындау үшін қазақ мақал-мәтелдері лексика-семантикалық, этномәдени тұрғыдан талданды. Зерттеу мақсатымызға сай қазақ мақал-мәтелдерінің


корпусы мақаламыздың негізгі зерттеу материалы ретінде алынды. Атап айтқанда, «Бабалар сөзі» жинағының 65, 66, 67-томдарында кездесетін мақал-мәтелдер талданды. «Мемлекет» концептісіне тікелей немесе жанама қатысты мақал-мәтелдерге ерекше назар аударылды. Зерттеу жұмысы *лексика-семантикалық талдау, когнитивті талдау, концептілік талдау, компоненттік талдау, ассоциациялық талдау, өрістік талдау тәсілдері* негізінде жүргізілді. Бұл лингвистикалық зерттеу тәсілдері қазақ тіліндегі «мемлекет» концептісін құрайтын лексемаларды айқындап, мақал-мәтелдер негізінде халық танымындағы «мемлекет» концептісінің лингвомәдени сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ халқы үшін «мемлекет» концептісінің маңызы мен мазмұнын, халықтық тәжірибедегі «мемлекет» концептісінің орнын айшықтап, «мемлекеттікті» сипаттайтын белгілер негізінде тұтас концептіні тануға, сол арқылы қазақ танымындағы әлемнің тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік туады.

Нәтижелер және талқылау

«Мемлекет» концептісінің лингвомәдени сипаты мен функционалды-семантикалық өрісін айқындау үшін, алдымен, «мемлекет» ұғымының термин, жеке сөз ретінде түсіндірмелеріне зер салайық. «Мемлекет» сөзі – қазақ тіліне араб тілінен енген, түркі халықтарының біразында түрлі фонетикалық ерекшеліктермен қолданылатын лексема. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «мемлекет» сөзінің екі мағынасы айқындалады: «Мемлекет. 1. Белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы. 2. Ел» [7, 179-б.]. Ал «Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігінде» «мемлекет» сөзіне: «Мемлекет – саяси жүйенің басты элементі, оның негізгі ұйымы. Мемлекет деген ұғым екі мағынада қолданылады: 1) кең мағынасында үлкен әлеуметтік топтың ұйымын білдіреді де «халық», «қоғам», «ел» деген ұғымдарға сәйкес келеді; 2) тар мағынасында басқару құрылымының, мемлекеттік аппараттың жиынтығын білдіріп, «үкімет», «әкімшілік» деген ұғымдарға сай келеді», - деген түсіндірме берілген [8, 89-б.] «Мемлекет» лексемасының сөздіктердегі мағыналарынан, бұл концептіні «ел», «саяси ұйым», «билік», «қоғам», «халық», «басқару», «үкімет», «әкімшілік» т.б. сынды сөздер құрайтынын көруге болады. Бұл ұғымдардың барлығы «мемлекет» концептісінің семантикалық өрісін құрайды. 3. Попова мен И. Стернин семантикалық өріс ретінде мағынасы ортақ, бір мәнге негізделген, ұғымдық жақындығы бар тілдік бірліктерді айтады. Семантикалық өрістің ядролық және перифериялық аймақтарының болатындығына тоқтала отырып, ядролық қабатты айқындаудың жолы есебіне кілт сөздің синонимдік қатарына назар салуды; аталған концептіде атауыштық мәнге ие болған мәнмәтіндерге талдау

жүргізуді айтажы. Зерттеушілер бұл қатарға окказионал қолданыстарды жатқызбайды [9, 179-б.].

Қазақ тілінің синонимдер сөздігі мен фразеологиялық сөздігіне, саясаттану және әлеуметтану бағытындағы зерттеулерге талдау жүргізе отырып, «мемлекеттілік» белгісін айқындай келе, «мемлекет» концептісінің семантикалық өрісіне «туған жер», «ел», «Отан», «халық», «заң», «құқық», «билік», «басқару», «үкімет», «әкімшілік», «парламент», «қоғам», «тәуелсіздік» т.б. лексемаларын жатқызамыз. Концептілерді талдаудың ассоциациялық әдісі арқылы «мемлекет» концептісінің ядролық, перифериялық аймақтарын сызба түрінде көрсетуге болады.



1-сызба. «Мемлекет» концептісінің семантикалық өрісі

Жоғарыдағы сызбадан байқағанымыздай, «мемлекет» концептісінің ядросына «ел», «туған жер», «Отан» лексемаларын жатқызамыз. Ал перифериялық аймақтағы тілдік бірліктерді ядроға жақындығына қарай үш дәрежеге бөлеміз: ядроға жақын аймаққа «билік», «үкімет», «әкімшілік» сөздері, перифериялық аймақтың ортаңғы бөлігіне «тәуелсіздік», «басқару», «заң», «құқық», «халық» лексемаларын жатқызамыз. Перифериялық аймақтың шеткергі бөлігіне «әділдік», «бейбітшілік», «қорғаныс», «басқару», «қоғам», «парламент», «президент» т.б. сөздері кіреді. «Мемлекет» концептісін зерттеу аспектісіне байланысты өзге де лексемалардың тізбесін құрай беруге болады. Мұндай жағдайда «мемлекет» концептісіне қандай ракурста қарағанымыз маңызды рөл атқарады. 1-кестедегі «мемлекет» концептісінің ассоциациялық тәсіл арқылы келтірілген семантикалық

өрісіндегі тілдік бірліктердің мазмұндық сипатын талдайық. «Мемлекет» концептісінің ядролық аймағына енетін сөздердің кеңістік мағынасы басым. Яғни «ел», «туған жер», «Отан» ұғымдары белгілі бір мекен мағынасын білдіреді. Сонда «мемлекет» концептісінің басты айқындауышысы – орны, мекені. Ядродағы тілдік бірліктердің ішіндегі де «мемлекет» концептісіне мағынасы ең жақыны – «ел» сөзі. «Ел» жалпыхалықтық мағынадағы сөз болса, осы мәнді білдіретін терминдік реңкі басым сөз – *мемлекет*. Ал ядроға жақын аймақтағы тілдік бірліктер «басқару жүйесіне» тікелей байланысты. Өйткені қандай да бір елдің, мемлекеттің жеке дара өмір сүруі үшін басқару жүйесі болуы және оның реттелген, айқын болуы шарт. Одан кейінгі перифериялық аймақтардағы лексемалар мемлекетті құрайтын жеке бөліктер мен мемлекеттілікті айқындайтын белгілерді құрайды. Ғасырлар бойы халық танымында қалыптасқан, өзіндік реңк алған «мемлекет» концептісінің семантикалық өрісі тым кең, тым тереңде жатыр.

Қазақ қоғамында қазіргі түсініктегі «мемлекет» ұғымы бірден қалыптаса қоймады. Оның қалыптасуының өзіндік тарихы, өткені бар. Сол себепті халықтық ойлаудың ошағы сақталған мақал-мәтелдердегі «мемлекет» концептісінің болмысын ашу арқылы қазақ тіліндегі «мемлекет» концептісінің толыққанды сипатын анықтауымыз керек. Қазақ тілінің паремиологиялық кеңістігіндегі «мемлекет» концептісінің бейнесін толықтай беру үшін «мемлекет» болудың белгілеріне тоқталып өтейік. Терминдік атау бойынша кез келген елді мемлекет мәртебесінде атай алмаймыз. Өйткені «мемлекет» ретінде танудың өзіндік белгілері бар. «Мемлекет» ұғымының әлеуметтану ғылымында үш негізгі белгісі көрсетіледі: *халық; билік; шекаралық аймақ* [10, 6-6.]. Ал Ғ. Сапарғалиев, А. Ибраева мемлекеттің негізгі белгілері ретінде *егемендікті, билік жүйесін, басқару аппаратын, салықтар мен нарықтық экономиканы, қоғамдық тәртіпті бақылау органдарын, құқықтық жүйені, аумақтық бөліністі, әскерді, полицияны* жатқызады [1, 39-6.]. Яғни «мемлекет» ретінде дербес өмір сүру үшін жоғарыдағылардың барлығы сол қоғамдық ортада болуы керек. Осындай белгілерге сай елді ғана мемлекет деп танимыз. Біз қарастыратын мақал-мәтелдер мазмұнында қазіргі «мемлекет» терминінің мәнімен қатар халықтық танымдағы «мемлекет» бейнесі сақталған. Сонымен, біз жоғарыдағы ғалымдардың пікірінен мемлекет болудың белгілі ретінде мыналарды атаймыз: әскер, қорғаныс саласы; заң және құқық жүйесі; билік жүйесі және басқару құрылымы; шекаралық аумағы; егемендігінің болуы; халқының болуы; экономикалық тұрақтылығы. Бұлар мемлекет болудың басты белгілері және айқындаушы сипаты саналады. Енді «мемлекеттілік» мазмұнын құрайтын белгілерге байланысты қазақ тілінде сақталған мақал-мәтелдерді топтастырып, саралап көрейік.

Мемлекеттік қорғаныс саласына (әскер) қатысты мақал-мәтелдердің лингвокогнитивті сипаты. Қазақ халқы үшін жетік, қарулы, айлалы әскерінің болуы, қалың қолдың батырлығы, жекелей ер азаматтардың ел үшін күресі маңызды саналады. Сыртқы жаудан қорғану үшін де, дербес мемлекет ретінде ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздік үшін де қорғаныс саласы мықты болуы керек. Сондықтан мемлекеттілікті айқындаушы саяси-әлеуметтік негізгі күш – әскер. Қазақ паремиологиялық кеңістігінде жауынгер, сарбаз мағынасын беретін, елді қорғау ісін көрсететін мақал-мәтелдер жетіп артылады. Қазақ жырларының көпшілігі де батырлық сарында шығарылып, ондағы ел қорғаушы ерлердің батыл бейнелері ашылады. Демек қазақ үшін *батыр, ер, ел қорғаушы* ұғымдары сакралды сипат алады. Тіпті, ел билеуші дәрежесінен де жоғары деуге келеді. Өйткені халықты сыртқы жаудан қорғап, егемен, тату елде өмір сүруіне жағдай жасайтын да батырлар болған. Қазақ паремиологиялық кеңістігінде әскер, қорғаныс мағыналары «ер», «батыр», «батыл», «ер жігіт» лексемалары арқылы беріледі.

Қазақ танымында «әскер» лексемасы паремиялық кеңістікте өнімді жұмсалмайды. Десе де «әскер», «қол» формасы бар паремиялар да кездеседі: *Әділ патшаның әскері халықтан құралады; Әскер — бектің қанаты, Құс қанатсыз ұша алмайды; Батыр қол бастайды.* Бұл мақал-мәтелдерде мемлекетті қорғайтын қорғаныс саласының нығаюы, әскерлің мемлекеттің, қоғамның маңызды бөлігін құрайтыны айтылған. Мұндай мазмұндық тұжырым: мемлекеттің, елдің қорғаныс саласы қарапайым халықтан құралады. Өзге елдің азаматы біздің мемлекетімізді қорғамайды, елді басқару үшін әскер қажет, онсыз ел өзінің тәуелсіздігін сақтап қала алмайды. Ал «әскер» мағынасын беретін «қол» лексемасы әскерді басқаратын нағыз батыр адам болуы керек дегенге саяды. «Әскер», «қорғаныс» саласына қатысты мақал-мәтелдерде «батыр», «ер» лексемалары жиі қолданылып, ердің қоғам өміріндегі рөлі мен орны көрсетіледі. **Батыр елді сыртқы жаудан қорғаушы бейнесінде:** *Батыр – жай күні бір адам, жау көрінсе мың адам; Батырға оқ дарымайды, Батырға жау жоламайды; Батырды жауда сына; Батыр майданда шынығады, Болат қойнаууда шынығады. Батыр елдікті, тәуелсіздікті сақтаушы ретінде: Ер жігіт елі үшін туады, Елі үшін өледі; Ел ауырын ер көтереді; Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер. Батыр мен ел егіз ұғым ретінде: Батыр даңқы – ел даңқы; Ер айтса – ел айтқаны; Ер – елдің айнасы.*

Заң және құқық саласына қатысты мақал-мәтелдердің лингвокогнитивті сипаты. Азаматтық мемлекетте адам бостандығы, еркі, құқы заң арқылы қорғалады. Заң шығару органы мемлекеттің басты, жоғарғы мекемесі болып саналады. Сонымен қатар заң – қоғамдық қатынастарды реттеуші. Қазақ қоғамында да заңның рөлі, маңызы басым болды. Біз

Шыңғыс хан кезеңінен белгілі «Жасақ» заңдар жинағының, хандық дәуірдегі «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» заңдар жинағының қазақ тарихында заңның мемлекет ішіндегі қатынастарды реттеуші қызметін атқарғанын көреміз. Яғни қазақ қоғамында заң мемлекеттілікті айқындайтын, тұрақтылықты қамтамасыз ететін жоғарғы билік болды деуге келеді. Қазақ паремияларындағы заңға қатысты ұғымдарды «әділдік», «ақы», «хақы» лексемалары құрайды. Заң қазақ халқы үшін жоғары тұрады және заң аспаннан, Тәңіріден келеді деп сенеді. Мысалы, *Әділ бектің заңы жоғары; Әділ заң – аспан тірегі; Әділ туған заң жақсы*. Қазақ халқы үшін заң әділдікке құрылуы керек және заң ақылдың өлшемін білдіреді. Мәселен, *Ақымаққа арнап заң жазылмас; Атаңның құлы айтса да. Әділдікке басыңды и*. Құқық, заң ұғымдарына байланысты қазақ мақал-мәтелдерінде «ақы», «қақы», «хақы» тілдік бірліктері жиі кездеседі. Мұндағы «ақы», «қақы», «хақы» лексемалары адам еркі, құқығы дегенді білдіреді. Мысалы, *Әкімнің ақысы болса, Қараның қақысы бар; Халықтың хақы әкімде; Мүсәпірдің ақысын жесең, Күйдіріп жібереді*. Бұл паремияларда қоғамды құрайтын қара халықтың өз басының еркі өзінде екендігі туралы айталады. Адамның өмір сүру құқы және еткен еңбегіне қарай алатын ақысы құқық мәнімен астасып келеді. Бұл мақал-мәтелдердің пайда болуы хандық дәуірге сәйкес келетіндіктен, заң, құқық мәндері сол тұстағы лексикалық қорды қамтиды. Халық бостандығы, еркіндігі, өзіндік таңдау жасай алуы, өмір сүру, оқу, білім алу, еңбек ету құқықтары қазақ қоғамындағы мемлекеттіліктің жоғарғы бейнесін көреміз.

Мемлекеттік билікке қатысты мақал-мәтелдердің лингвомәдени сипаты. Билік жүйесіне қатысты мақал-мәтелдердің дені хандық дәуір тұсында пайда болған. Сондықтан бұл мазмұндық топтағы паремияларда «халық», «патша», «хан», «қараша» т.б. сөздері кездеседі. Билік кез келген мемлекеттің ең негізгі құрылымы саналады. Қоғамды жекелеген адамдар құрайды. Ал мұндай адамдар тобының арасындағы қарым-қатынастар заң арқылы реттеліп, жоғарғы билік тарапынан басқарылады. Сол себепті басқару жүйесі, билік ету мемлекет болудың алғышарты саналады. Тәуелсіз мемлекеттің билік жүйесі де сол мемлекетке тиесілі. Билік қоғам ішіндегі барлық қатынастарға жауапты. Қазіргі тәуелсіз ел тұрғысынан «билік» мәні «президент», «парламент» лексемаларымен байланысады. Ал мақал-мәтелдерде мұндай мағынаны «хан», «патша» тілдік бірліктері береді. Өйткені, өкінішке қарай, қазіргі заманда туындап жатқан жаңа паремиялар жоқтың қасы, бар болса да паремиологиялық қорға енбей жатыр. Қазақ дәстүрлі-әлеуметтік, құқықтық жүйесінде «билік» ұғымы «үкім», «мансап», «басқару», «үстемдік ету», «реттеуші», «үкімет», «мемлекеттік басқару», «ұйымдастырушы» мағыналарын білдіреді. Бұл дегеніміз, «билік» қоғамдық

құрылыстағы басқару жүйесін түзуші, үстем тап, төрелік, үкім шығару құқығы бар, мемлекеттік жүйедегі жоғарғы саты дегенді білдіреді. Сонымен қатар билік сөзі мансап, лауазым, басқарушылық мағынасын да танытады. Яғни билік тек мемлекеттік басқару жүйесіне ғана емес, кез келген мансапқа байланысты басқару элементтері бар иерархияға да қатысты деп айта аламыз. Қазақ танымында билік әділ болуы керек. Сол себепті қазақ *«Биліктің не керегі, әділдігі болмаса»*, – дейді. Қазақ мақал-мәтелдерінде ел басқарушыға қойылатын талап жоғары және елбасы қара халықтан биік саналады. Сондықтан мақал-мәтелдерде: *«Мың қосшыдан – бір басшы; Патиша залым болса, жұрт озады, Патиша ғалым болса, жұрт озады; Ханда қырық кісінің ақылы бар, Үлгісізден би қойсаң, өсиеті болмайды, Қайырсыздан хан қойсаң, қасиеті болмайды; Ақылды басшың болса, елдің алды боларсың, Ақылсыз басшың болса, елдің азы боларсың»*, – деген таптаурын ойлар тізбегі түзілген.

Ел егемендігіне қатысты мақал-мәтелдердің лингвокогнитивті сипаты. «Мемлекет» ұғымы тәуелсіз, жеке дербес ел мағынасына сәйкес келетіндіктен, мемлекеттіліктің басты белгілерінің бірі де – егемендік. Қазақ дәстүрлі ойлау жүйесінде ел егемендігіне қатысты тілдік бірліктер мен паремиялар жеткілікті. Өйткені қазақ халқы үшін елдің дербестігі, жау қолына қарамауы, [12, 13-б.] басының бостандығы, ұлттың азаттығы маңызды болды. Бұл тұжырым ұрпақтан-ұрпаққа фразалық бірліктер арқылы, мақал-мәтелдер негізінде жетіп отырды. Мақал-мәтелдерден бөлек фольклорлық шығармалардың басқа жанрларында да батырлық, елді сыртқы жаудан қорғау, ұлттың дербестігін сақтау, ұлтарақтай жерді аялау идеялары кездеседі. «Егемендік», «тәуелсіздік» идеялары отарлау дәуірінде «азаттық» идеясына ұласқаны белгілі, бұл идеялардың түпқазығы – қазақ елінің жеке дара, ешкімге бағынбай өмір сүруі. Сонда «тәуелсіздік» ұғымы қазақ когнитивті жүйесіндегі архаикалық және өміршең ұғымдардың бірі саналады. Қазақ паремиологиялық жүйесінде: *«Өзегінен айырылған ел өледі; Егеменді ел көрікті, Бетегелі бел көрікті; Бірлік бар жерде күш бар, Еркіндік бар жерде білім бар»* деген мақал-мәтелдер кездеседі. Бұл паремиялардың мазмұнына зер салғанда, «егемендіктің» елдің өзегі екенін, мұндай елдің жеке дара көркейе алатындығын және тәуелсіз мемлекеттің білімі мен ғылымы дамып, адамзаттың өсуі жолында қызмет ететіндігі бейнеленген.

Мемлекеттілікті айқындаушы – шекаралық аумақ. Жеке дербес елдің шекарасының бекітілуі – оның тәуелсіздігінің белгісі. Яғни ел болу үшін өмір сүретін кеңістігінің, шекарасының болуы шарт. Шекаралық бөлініс тәуелсіз елдің әлем картасындағы орнын белгілейді. Қазақ паремиологиялық кеңістігінде жерге қатысты мақал-мәтелдер саны көп болғанымен, нақты шекара лексемасымен келетін паремиялар саны аз. Егемендікті, елдікті айқындайтын *«Шекара берік болмай, басыңда ерік болмайды»* мақалынан

қазақ халқы үшін шекаралық аумақтың маңызын аңғаруға болады. Демек шекара, жер мемлекеттіліктің айқындаушысы және бұл танымдық ақпарат қазақ халқының когнитивті жүйесінде сақталған.

Халыққа қатысты мақал-мәтелдердің лингвокогнитивті сипаты. «Ел-халық-жер» триадасы әлемнің тілдік картасында біртұтас жүйені құрайды. Мемлекет әр түрлі қоғамдық қатынастардан, әлеуметтік топтардан, халықтан тұрады. Сол себепті елдің билік жүйесімен қатар халқы да жоғары маңызға ие. Халықсыз, ұлтсыз мемлекет болмайды. Елдің басты байлығы – халық. Қазақтың когнитивті ойлау жүйесіндегі халық бейнесі *«Хан қарашасыз болмас, дау арашасыз болмас; Хан – шаңырақ, Халық – уық, «Ханды Құдай ұрайын десе, қарашысымен қас болар; Халық ұйғарса, Хан түйесін сояр, Әкім тура болмаса, жұрт бұзылар»* мақал-мәтелдері арқылы беріледі. Бұл паремиялар мазмұнынан халық – билік жүйесін таңдай алатын, басқару құрылымымен қатар дамиды, билікке сын айта алатын жұрт. Қазақ паремиялық кеңістігінде «халық» мәні «ел», «жұрт» лексемалары арқылы да көрініс табады. Қазақ халқының танымдық жүйесіндегі «халық» бейнесінің рөлі жоғары, тұтас елді құраушы болып саналады. Сол себепті халықтың, көпшіліктің қазақ тіліндегі паремияларда лингвокогнитивті мәні жоғары [13, 78-б.].

Мемлекет экономикасына қатысты мақал-мәтелдердің лингвокогнитивті сипаты. Мемлекеттілікті айқындайтын негізгі белгілердің бірі – ел экономикасы, нарық, салық жүйесі. Нарықтық экономикасы қалыптанған, салық жүйесі жолға қойылған елдің тұрақтылығы, егемендігі де берік болады. Экономикалық өсімсіз мемлекет өзінің тәуелсіздігін жойып, құлдырып кетуі мүмкін. Сол себепті қоғамның бұл саласы да қазақ мақал-мәтелдерінде ақпараттық-танымдық сипатта сақталып қалған. Мысалы, *Саудагер жаман болса, нарық бұзылар; Базарда пұлы бардың көңілі тоқ; Ісмер қайда жүрсе де ақша табады.* Бұл паремиялардан қазақ танымындағы мемлекеттің экономикалық жүйесін «саудагер», «нарық», «базар», «ақша» тілдік бірліктері құрайтынын көруге болады. Сонымен қатар ел экономикасы қазақ паремиялогиялық жүйесінде «мемлекет» концептісін құрайтын мазмұнды ұғым екенін аңғарамыз [14, 56-б.].

Қорытынды

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «мемлекет» концептісін лингвокогнитивті талдау арқылы халық санасындағы тарихи-мәдени қабаттарды анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ мақал-мәтелдері халықтың ұжымдық тәжірибесі мен даналығының көрінісі ретінде «мемлекет» ұғымына ерекше мән беріп, оның тәртіпті, әділдік пен тұрақтылықты сақтаудағы рөлін ерекше бағалайды. Қазақ мәдениетіндегі мемлекет билікпен, қорғаныс саласымен, экономикамен, құқық саласымен тығыз байланысты. Бұл когнитивті

компоненттер мемлекеттің қоғамның әл-ауқатын қамтамасыз ететін институт ретіндегі тарихи маңыздылығын көрсетеді. Мақал-мәтелдерді талдау арқылы қазақ халқының мемлекетті саяси-құқықтық құрылым ретінде ғана емес, әлеуметтік бірегейлік пен мәдени мұраның маңызды элементі ретінде қабылдайтынын көрсетеді.

Қазақ паремиологиялық жүйесіндегі «мемлекет» концептісінің семантикалық өрісіне *«туған жер»*, *«ел»*, *«Отан»*, *«халық»*, *«заң»*, *«құқық»*, *«билік»*, *«басқару»*, *«үкімет»*, *«әкімшілік»*, *«парламент»*, *«қоғам»*, *«тәуелсіздік»* т.б. лексемаларын жатқызамыз. «Мемлекет» концептісінің саяси, әлеуметтік белгілерін ескере отырып, қазақ мақал-мәтелдеріндегі ақпараттарға сәйкес: Әскер, қорғаныс саласы; Заң және құқық жүйесі; Билік жүйесі және басқару құрылымы; Шекаралық аумағы; Егемендігінің болуы; Халқының болуы; Экономикалық тұрақтылығы секілді құрамдас бөліктері тұтас «мемлекет» концептісінің бейнесін құрайды. Осылайша, мақал-мәтелдерді зерттеуге лингвокогнитивтік көзқарас тілде сақталған мәдени түсініктер мен құндылықтарды тереңірек түсінуге, сондай-ақ «Мемлекет» концептісін қабылдаудағы қазақ дүниетанымының бірегейлігін атап өтуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Нурпеисов, Е. К.** Мемлекет және құқық теориясының проблемалары. – Алматы, 2022. – 220-б.
- 2 **Маслова, В. А.** Современная лингвистика – наука о человеке, его сознании, языке и культуре // Гум. вектор. – 2018. – № 1. – Т. 13. – Б. 6–11.
- 3 **Попова, Л.** Подходы к определению концепта // Филология и искусствоведение. – 2016. – Б. 309–316.
- 4 **Исаева, Ж.** Ұлттық паремиологиядағы «тағдыр» концептісі // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2014 – № 3(149). – Б. 97–102.
- 5 **Кубрякова, Е. С.** В поисках сущности языка. Когнитивные исследования/ Ин-т. языкознания РАН. [Мәтін]. – М. : Знак, 2012. – 208-б.
- 6 **Галымова, А., Рахимова, А.** Қазақтың тілдік санасындағы «қонақжайлық» концептісі // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2019. – № 3(79). – Б. 114–118.
- 7 **Манкеева, Ж., Бизақов, С., Жүнісбек, Ә. және т. б.** Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, – 2011. – Т. 11. – 752 б.
- 8 **Дәкенов, М.** Әлеуметтану : сөздік анықтамалық. – Алматы, 2020. – 106-б.
- 9 **Скребцова, Т. Г.** Когнитивная лингвистика – М. : Издательский дом Яск, 2018. – 392-б.

10 **Бекишева, А.** Основы государства и права : учебное пособие. – Астана : Фолиант, 2009. – 264-б.

11 **Вудак, Р., Мейер, М.** Дискурс талдауының әлістемесі (2 басылым). – Лондон : Sage, 2009. – 208-б.

12 **Нацисконе, А.** Дискурстағы фразеологизмдер : Қолданбалы Стилистика. Латвияның мәдениет академиясы. – Рига, 2001. – 168-б.

13 **Ray, John** A complete collection of English proverbs. – London, 2009. – 493-б.

14 **Amerian, M., Tajabadi, A.** The role of culture in foreign language teaching textbooks : an evaluation of New Headway series from an intercultural perspective // Intercultural Education. – 2020. – № 31(6). – P. 623–644.

References

1 **Nurpeisov, E. K.** Memleket zhane Kukuk teoriyasynyn problemalary. [The problems of state and law theory]. – Almaty, 2022. – 220 p.

2 **Maslova, V. A.** Sovremennaya lingvistika – nauka o cheloveke, ego soznanii, yazyke i kul'ture [The Modern Linguistics – the science of man, his consciousness, language and culture] // Gum. vektor. – 2018. – № 1 – Vol. 13. – P. 6–11.

3 **Popova, L.** Podhody k opredeleniyu koncepta [The approaches of concept definition] // Filologiya i iskusstvovedenie. – 2016. – P. 309–316.

4 **Isaeva, Zh.** Ultyk paremiologiyadagy «tagdyr» konceptisi [The concept of «Destiny» in national paremiology] // KazUU Habarshysy. – 2014 – № 3(149). – P. 97–102.

5 **Kubryakova, E. S.** V poiskah sushchnosti yazyka. Kognitivnye issledovaniya / [The research of matter of language. Cognitive research] In-t. yazykoznaniiya RAN. – M. : Znak, 2012. – 208 p.

6 **Galymova, A. Rahimova, A.** Kazaktyn tildik sanasyndagy «konakzhajlyk» konceptisi [The concept of «Hospitality» in Kazakh consciousness] // Kazak ultyk kyzdar pedagogikalyk universitetinin Habarshysy. – 2019. – № 3 (79). – P. 114–118.

7 **Mankeeva, Zh., Bizaqov, S., Zhunisbek, A.** zhane t. b. Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk.[The dictionary of Kazakh literary language]. – Almaty, – 2011. – Vol. 11 – 752 p.

8 **Dakenov, M.** Aleumettanu : sozdik anyktamalyk. [Sociology : Dictionary]. – Almaty, 2020, – 106 p.

9 **Skrebцова, T. G.** Kognitivnaya lingvistika [Cognitive Linguistics]. – M. : Izdatel'skij dom yask, 2018. – 392 p.

10 **Bekisheva, A.** *Osnovy gosudarstva i prava : uchebnoe posobie.* [The basics of State and Law : Manual for students]. – Astana : Foliant, 2009. – 264 p.

11 **Vudak, R., Mejer, M.** *Diskurs taldaunyn adistemesi (2 basylym)* [The Methodology of Discourse analysis]. – London : Sage, 2009. – 208 p.

12 **Naciskone, A.** *Diskurstagy frazeologizmdr: Koldanbaly Stilistika .* Latviyanyn madeniet akademiya. [Phraseologisms in Discourse: Statistics]. – Riga, 2001. – 168 p.

13 **Ray, John.** *A complete collection of English proverbs.* – London, 2009. – 493 p.

14 **Amerian, M., Tajabadi, A.** *The role of culture in foreign language teaching textbooks : an evaluation of New Headway series from an intercultural perspective // Intercultural Education.* – 2020. – № 31(6). – P. 623–644.

30.01.24 ж. баспаға түсті.

11.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Амирова¹, А. Бейсенбай², Г. Сагидолда³, А. Жумаханова⁴

^{1,2,3}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана;

⁴Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан, г. Актобе.

Поступило в редакцию 30.01.24.

Поступило с исправлениями 11.04.25.

Принято в печать 25.08.25.

ЛИНГВОКОГНИТИВНОЕ ОПИСАНИЕ КОНЦЕПТА «ГОСУДАРСТВО» (ПО КАЗАХСКИМ ПОСЛОВИЦАМ)

В статье рассматривается лингвокогнитивное описание концепта «государство» в казахских пословицах и поговорках. Исследование направлено на выявление ассоциативной системы и познавательного слоя, составляющих концепт «государство» на казахском языке. Как важная часть фразеологического фонда, пословицы отражают коллективный опыт и ментальную специфику народа, передавая культурные ценности и нормы. Анализ казахских

пословиц позволяет определить, как на языке проявляются различные аспекты государства – власть, правосудие, социальные институты, взаимодействие государства и граждан. На основе паремий, встречающихся в казахском языке, основанных на основных признаках государства, определяется лексико-семантическая сфера концепта «государство» и анализируется характер языковых единиц.

При написании статьи использовались такие лингвистические методы, как концептуальный анализ, компонентный анализ, лексико-семантический анализ, полевой анализ, ассоциативный анализ. Результаты исследования способствуют углубленному признанию когнитивных механизмов, объясняющих понятие «государство» в казахском языке. Выводы, приведенные в нашей работе, могут стать вспомогательным инструментом для специалистов социальных наук, таких как лингвист, этнограф, культуролог и др.

Ключевые слова: концепт «государство», концептуальное пространство, когнитивная лингвистика, паремиология, пословицы.

**A. Amirova¹, A. Beisenbay², G. Sagidolda³, A. Zhumakhanova⁴*

^{1,2,3}Eurasian National University

named after L. N. Gumilyov,

Republic of Kazakhstan, Astana;

⁴K. Zhubanov Aktobe Regional University,

Republic of Kazakhstan, Aktobe.

Received 30.01.24.

Received in revised form 11.04.25.

Accepted for publication 25.08.25.

THE LINGUISTIC AND COGNITIVE NATURE OF THE CONCEPT OF «STATE» (ACCORDING TO KAZAKH PROVERBS)

The article discusses the linguocognitive nature of the concept of «State» in Kazakh proverbs and sayings. The study is aimed at identifying the associative system and cognitive layer that make up the concept of «State» in the Kazakh language. Proverbs reflect the collective experience and mental identity of the people, conveying cultural values and norms. The analysis of Kazakh Proverbs allows us to determine how the interaction between various aspects of the state-power, justice, social institutions, the state and citizens is reflected in the language. Based on the paremies found in the Kazakh language, based on the main features of the state, the lexical

and semantic scope of the concept of «State» is determined and the nature of language units is analyzed.

During the writing of the article, such linguistic methods as conceptual analysis, component analysis, lexical and semantic analysis, field analysis, Association analysis were used. The results of the study contribute to a deeper understanding of the cognitive mechanisms that explain the concept of «State» in the Kazakh language. The conclusions presented in our work can be an auxiliary tool for specialists in Social Sciences, linguists, ethnographers, cultural scientists, etc.

Keywords: the concept of «State», conceptual space, cognitive linguistics, paremiology, proverbs.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz